"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14 здание
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1148 13.03.18

«СтройИнжиниринг «Атамекен» ЖШС-нің директоры
Т.И.Барокбаевқа

Сіздің ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасымен өткізілген №2161249-1 конкурсы жайлы жазған өтінішіңіз бойынша төмендегіні хабарлаймыз.

ҚР-ның Қаржы Министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 85-1 тармағына сай, *«тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.*

Егер техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылған болса қажетті материалдық және еңбек ресурстары құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлімінде көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттамада құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлім болмаған жағдайда жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде осындай қажеттілікті көрсететін ***құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының тізбесі әзірленеді және жобалаушымен келісіледі****».*

Қағидалардың конкурстық құжаттамасының 5 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтің 15 тармағына сай, ***«конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы <u>жобалаушымен келісіледі</u>»***.

Бұған қосымша, ҚР-ның Қаржы Министрлігінің мемлекеттік сатып алу әдіснамасы департаментінің 01.11.2017 жылғы №ДЗГЗ-1-43645-ВН/3990-ВН түсіндірмесіне сай, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруын тек әлеуетті өнім беруші ғана жобалаушымен келіседі. Алайда, Сіздің тарапыңыздан ұсынылған және техникалық сипаттамалары тізімдегі техникалардың техникалық сипаттамасына сәйкес келмейтін техникалар жобалаушымен келісілмеген *(талап етілген 10 тонналық автокран, ал ұсынылған Маз Кс 3577 маркалы кранның жүк көтергіш салмағы 12,5 – 16 тоннаға дейін құрайды)*.

Қағидалардың конкурстық құжаттамасының 5 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтің 14 тармағына сай, *«Әлеуетті өнім берушіге жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылыс ұйымының жобасы) тиісті бөлімінде не еңбек ресурстарының* ***тізбесінде көрсетілген*** *Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуге және есепке алуға жататын өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының,* ***бірақ үш бірліктен аспайтын негізгі түрлерінің болуы туралы талап белгіленуі мүмкін****. Бұл ретте, нақты түрлерге байланыстырмастан, өз құрылыс машиналарының, тетіктер мен автокөлік құралдарының санына ғана талап көрсетіледі»*. Осыған орай, конкурстық құжаттамада тізімде қарастырылған техникаларға ұқсас жеке меншіктегі үш техникасының болуы туралы талап қойылған.

Алайда, Сіздің конкурстық өтініміңізде ұсынылған жеке меншіктегі техникаларыңыздың тек біреуі ғана тізімдегі талап етілген техникаға сай келеді *(25 тонналық шынжыр табанды кран)*. Ал, жеке меншіктегі қалған техникалар *(погрузчик LG 9334, Камаз 5320, каток, Газ 3507, Атогрейдер)* тізімдегі техникаларға *(кран башенный, кран на автомодильном ходу, автопогрузчики)* сай келмейді, яғни сәйкес келетін техникалардың саны үшеуге жетпейді.

Бұл тұрғыда конкурстық комиссияның Сіздің өтініміңізді шеттету әрекетінде №2161249-1 конкурс бойынша бұзушылықтар анықталмады.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сот органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын.: О.Ажибеков
35-06-06 (ішкі 117)